

Ш. У. Расмамбетов, 3-курс
Ғылыми жетекшісі: Д. О. Альжанов қылмыстық іс жүргізу және
криминалистика кафедрасының оқытушысы
(ҚР ІІМ ҚАЖК Академиясы)

ТҮЗЕУ МЕКЕМЕЛЕРІНДЕГІ ТЕРГЕУ ӘРЕКЕТТЕРІ **ӨНДІРІСІНІҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

Қазіргі таңда бас бостандығынан айыру орындарындағы қылмыстылықпен күрес жұмыстары маңызды орында тұр. Осы міндеттерді жемісті орындау қоғамымыздағы қылмыстылықты болдырмау және оны туындататын себептерін жою болып табылады.

Алдымызға қойылған алғышарттарды орындау мен жүзеге асыру үшін бас бостандығынан айыру орындарындағы қылмысты тергеу жұмыстарымен, қылмысты тергеу мен алдын алуды қамтамасыз етумен, бас бостандығынан айыру орындарынан қашқан тұлғаларды іздестіру жұмыстарымен, сонымен қатар жазасын өтеп жүрген тұлғаларды түзеумен айналысатын құқық қорғау органдарына маңызды роль беріліп отыр. Алдына қойылған міндеттерді ҚР ІІМ алдын ала тергеу органдары және жедел қызметтері әр түрлі тәсілдермен жүзеге асырып отырады. Бір-бірімен бірігіп әріптестік құра отырып, қолдарында бар күштер мен тәсілдерді қолдана отырып, олар қылмыстарды тергеу мен ашу барысында бірқатар нәтижелерге қол жеткізеді. Соңғы жылдары бас бостандығынан айыру орындарындағы сотталғандардың жасайтын қылмыстарының сипаты өзгерді, жеке меншікке қарсы, адамдардың денсаулығы мен адамгершілігіне қарсы, ұйымдасқан қылмыстар, бас бостандығынан айыру орындарынан, қамаудан немесе күзеттен қашу, қылмыстық-атқару мекемелері әкімшілігінің талаптарына қасақана бағынбау, қоғамнан оқшаулауды қамтамасыз ететін мекемелердің қалыпты қызметін бұзу қылмыстары азаюда. Бұл құқық қорғау органдары мен түзеу мекемелерінің бас бостандығынан айыру орындарындағы қылмыстылықпен күрес қызметінің бірқатар жетіле түскендігін білдіреді. Алайда сотталғандардың қайта қылмыс жасау деңгейі әлі де болса жоғары болып отыр, сондықтан оны мен күрес жүргізу — көптеген мемлекеттік органдардың негізгі міндеті. Қылмыс жасауды көбіне тұлғаның қоғамға қайшы көзқарастары мен әдеттерінің қалыптасуымен түсіндіреді. Алайда алдын ала тергеу органдары мен түзеу мекемелерінің қызметімен байланысты объективті жағдайларды ескерусіз қалдыруға болмайды. Оларға: қылмыстың толық ашылмауы; қылмыстылықтың алдын алу бойынша жұмыстардың кемшіліктері; құқық қорғау органдарының қылмыстылықпен күрестегі координацияның кемшіліктері; кейбір тұлғалар тарапынан сотталғандарға теріс ықпал ету; полиция мен түзеу мекемелері қызметкерлерінің, тергеушілердің өз міндеттеріне дұрыс қарамау және т.б. Бұлар түрлі тәсілдерден байқалып отырады: қылмыстарды сапасыз тергеу, дұрыс қадағаламау, сотталғандардың заттарын ат үсті тергеу, олардың тұлғаларын жеткілікті деңгейде танып-білмеу, қылмысқа ықпал ететін жағдайлар мен себептерді жоюға әрекет етпеу, кейбір тұлғалардың айдауылсыз жүріп-тұру құқығының талаптарының бұзылуы және т.б.¹ Сотталғандарды түзеу бойынша міндеттер ҚР ІІМ ҚАЖ комитетінің көптеген қызметтерінің әр түрлі жұмыстарымен жүзеге асырылады. Бұл жерде ҚР ІІМ тергеу және алдын ала тергеу қызметтері мен түзеу мекемелері қызметкерлерінің жасалатын қылмыстарды тез және сапалы анықтау бойынша, іздестіру жұмыстарын белсендендіретін, қылмысты алдын алу бойынша ішараларды жүзеге асыратын біріккен қызметін қарастыру маңызды болып отыр.

ҚР ІІМ тергеу және жедел қызметтері мен түзеу мекемелері жедел бөлімдерінің қызметкерлері сотталғандардың қылмыстылығымен күресте іс жүргізу әрекеттерін үш бағытта жүзеге асырады: қылмысты ашу мен тергеу; ТМ қашқан тұлғаларды іздестіру; құқық бұзушылықтың алдын алу. Сонымен қатар көптеген мекемелер криминалистикалық әдебиет-

тер мен қылмыстық-іс жүргізу заңнамаларында жеткілікті деңгейде регламенттелмеген. Осыны ескере отырып, көптеген авторлар осы аталған мәселелерді ғылыми-теориялық және тәжірибелік деңгейде болжап, анықтауға тырысып бағуда. Жоғарыда аталған міндеттерді жүзеге асыру мақсатында қылмыстық-іс жүргізу, қылмыстық-атқару құқығы, криминалистика, жедел-іздістіру қызметі бойынша әдебиеттерді, нормативтік-құқықтық актілерді, тергеу тәжірибесінің және тергеу мекемелері тәжірибесінің материалдарын, сонымен қатар 2007-2011 жылдар аралығындағы құқықтық статистика деректерін қолдану дұрыс деп танылып отыр². Тергеу мекемелеріндегі қылмыстарды тергеудің өзінің ерекшеліктері бар. Оларды білмеу — бас бостандығынан айыру орындарындағы қылмыстылықтың алдын алуды және жемісті ашуды білмеу деген сөз. Сондықтан осы сұрақтар бойынша тиімді ұсыныстарды әзірлеу үлкен тәжірибелік маңызға ие болады. Түзеу мекемелеріндегі алдын ала тергеу органдарының алдын алу қызметінің өзіне тән ерекшеліктері бар, және де осы сұрақтар бойынша әдебиеттер де жеткіліксіз, сондықтан оның сипаты мен мазмұнын, қылмыстық істер бойынша өткізуге болатын қылмысты ескерту бойынша кейбір ісшараларды, сонымен қатар түзеу мекемелері жағдайында жүзеге асыруға болатын жалпы алдын алу сипатындағы шараларды қарастыру дұрыс деп тауып отырмыз.

Бас бостандығынан айыру орындарындағы қылмыстылықпен күресте нәтижелерге қол жеткізу қылмысты сапалы әрі тез жүргізуге тәуелді болып табылады. Қылмыс оқиғасы толық зерттеліп, оған қатысушы тұлғалар анықталған кезде қылмыс жасауға күнәлі тұлғалардың ролі анықталатын болады және де олардың тұлғасы зерттеледі, осының негізінде бас бостандығынан айыру орындарындағы қоғамдық-қауіпті әрекеттерді жасаған тұлғаларға қатысты жаза да әділетті болады. Осының негізінде түзеу мекемелеріндегі анықтау және алдын ала тергеу кәдімгі жағдайдағы сияқты сотталғандардың жасаған қылмысын толық және тез ашу міндеттерін шешуге, кінәлілерді анықтау мен қылмыс жасаған әрбір тұлға әділетті жазаға тартылу үшін заңды дұрыс қолдануды қамтамасыз етуге, және де ешбір кінәсіз адам қылмыстық жауапкершілікке тартылмай, сотталмауы үшін бағытталған. Тергеу түзеу мекемелеріндегі заңдылықты нығайтуға, қылмысты, әкімшілік құқық бұзушылықтарды алдын алу мен түбегейлі жоюға, сотталғандарды түзеуге ықпал етеді³. Қазақстандық қылмыстық іс жүргізуге тергеудің екі түрі тән екені белгілі: алдын ала тергеу мен анықтау. Қылмыстың негізгі бөлігін ҚР ІІМ тергеушілері анықтайды, олар алдын ала тергеу жұмыстарын жүргізеді. ҚР ІІМ ҚАЖ комитеті түзеу мекемелерінің жедел бөлімдерінің инспекторлары (соның ішінде түзеу мекемелерінің бастықтары) анықтау органдары сияқты қылмысты аз анықтайды, алайда олар қандай да болмасын іс бойынша тергеу жұмыстарын жүргізуші тергеушінің қылмыс іздерін анықтау мен бекіту мақсатында уақыт күттірмейтін тергеу әрекеттерін жүргізуге құқығы бар. Тек осыдан кейін ғана барып, прокурордың нұсқауын және ҚР ҚДЖК 196-бабында қарастырылған мерзімнің аяқталмауын күтпей-ақ, қылмыстық істі тергеушіге тапсыруға міндетті.

¹ ҚР Конституциясы 30.08.1995.

² ҚР Қылмыстық іс жүргізу кодексі. 13.12.1997.

³ «Қылмыстық іс жүргізу» жалпы бөлім. Оқулық. — Алматы. «Өлке» — 2006.